<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Ұнтаспада «Жаңа жыл» (Б. Бейсенова) әні орындалып, балаларды қарсы алу. Көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Әннің 1-ші шумағында қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Қайырмасында бір орында тұрып, қол шапалақтайды. 2-ші шумағында ойыншық шырша айналасында шеңбер бойымен қол ұстаса айналу қимылдарын үйрету	Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік</b>  <b>Іздену</b>	Қыс мезгілі туралы, табиғаттағы ерекшеліктерді түсіндіру. Шыршаның суретін немесе кішкентай шыршаны көрсету. Жаңа жыл меркесі туралы әңгімелеу. Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету. Әннің мәтінін түсіндіріп, сипаты туралы әңгімелеу. Ән айту: «Арша» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) Әнді орындап беру. Мазмұны туралы сұрап, көңілді, ширақ орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Ақшақарлар» биі (Вальс П. Чайковский) «Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы» А. Жилинский) Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен «қар лақтырысу», әуен тоқтағанда шапшаңдықпен «қарларды» жинап, безендірілген	Балалар «ақшақарлар» – қар әшекейлерін ұстап, педагогтің көрсетуімен мәнерлі би қимылдарын жасайды.

	қорапшаларға салу.	
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	<p>– Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? –          Шыршаны қалай әсемдеп, сәндейміз?          – Бүгін қандай ән үйрендік?          Балалардың орындаған ән-би, ойын әрекеттері туралы айтып мадақтау.          Қоштасып, көңілді шығарып салу.</p>	Қойылған сұрақтарға жауап беріп ,кұстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** вальс әуеніне қарапайым би қимылдарын орындайды

**Игереді:** әннің сипатын сезінеді;

**Меңгереді:** аспаптың сүйемелдеуімен ән айтады

*Әдіскер: Асият Рамағалова 9*

Өтілетін күні;

**Тобы:** «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары **Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**  
**Білім беру саласы:** Шығармашылық. **Бөлімі:** Музыка.

**Тақырыбы:** «Ғажайыптар әлемі»

**Мақсаты :** Көңілді әуенді тындап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.

**Көрнекіліктер:**.. сылдырмақтар, безендірілген қорап, нота хрестоматиясы

<b>Оқу қызметінің кезеңдері</b>	<b>Музыка жетекшінің қызметі</b>	<b>Балалардың әрекеттері</b>
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Үнтаспада көңілді ән (педагогтің таңдауымен) орындалып, балалар залға көтеріңкі көңіл күймен кіреді. Балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды.	«Сәлемдесу жаттығуына»қосылады. Марш пен полька ырғағын ажыратуға тырысады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Латыш халық әні» (А. Жилинский) Әуен аяқталысымен залдың ортасына безендірілген қорап әкелініп, балалардың көңілін аударады. – Мынау әдемі қорапта не бар екен? Келіңдер, бірге ашып көрейік, – деп балалардың қызығушылығын арттырады. Педагог қораптан сылдырмақтарды алып көрсетеді. Қызыл, жасыл сылдырмақ, Үн қатады сылдырлап. (Сылдырмақты алып, қозғап, ойнап көрсетеді) Сылдырмақты алайық, Әсем әнге салайық! Ән айту. «Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова), қайталау. «Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова), «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел, билейік» (Ө. Байділдаев) («Билеп үйренейік» жинағынан) Би қимылдарын ырғақпен сезіне орындауға, жұптаса отыра музыканың сипатын игере орындауға үйретуді жалғастыру. Ортада әлі ойын бар, Қәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, балаларды келесі ойынға шақырады. «Балалар биі» (А. Майкапар) педагогтің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз беттерінше қимылдарды ауыстыра білуге	Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді .Музыка әуеніне ілесе отырып, әр ағға тән қимылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жегіл секіреді, қасқыр музыкасында қашуға талпынды. Ән ырғағына сәйкес сылдырмақты бірге сілке қозғалады. Әннің көңілді сипатын сезіне орындауға үйретуді жалғастырады. Балалар қалауынша таныс әндерді еске түсіреді

	үйретеді. Балаларға ойын соңында құрсауларға кіріп, жасырынып үлгеру керек екенін түсіндіреді. Ойын 2-3 рет қайталанады.	
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	– Сылдырмақтың дауысы қандай? – Бүгінгі үйренген әніміз не туралы екен? Үйренген әннің көңілді сипатта екенін түсіндіреді. Сұрақтар қою арқылы ҰОҚ бекіту.	Қорытынды сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды

Игереді: шығарманың сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салады;

Меңгереді: әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.

*Әдіскер: Аманжол*

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

Өтілетін күні;  
08.02.2021./12.02.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Көліктер»

Мақсаты : Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса би қимылдарын орындауға баулу, қуанышты көңіл күй, шаттық сезімін ояту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: мәшине, бағдаршам суреттері, нота хрестоматияс

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеттері
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды көңілді қарсы алады. Кәне, кәне, тұрындар, Үлкен шеңбер құрындар! Қанатты кең жайындар! «Көбелек» биін (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан) қайталауды ұсынады. Би қимылдарын қайталау, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік беру.	«Сәлемдесу жаттығуына»қосылады. Марш пен полька ырғағын ажыратуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену	Музыка тыңдау: «Мәшине» (К. Қуатбаев, Т. Тұяқбаев) Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу. Жол ережелері туралы түсінік беру. Ән айту: «Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай) Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау. «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Бөбектер биі» (К. Қуатбаев) Балалар жұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды. 2-бөлімде қол ұстасып айналады. Кел, ойнайық, ойнайық, Қызыққа бір тоймайық! – деп ойынға шақырады. «Жай және жылдам» ойыны (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек. Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау. 2-шумағында жай және тез аяқ топылдату. Әуен ырғағын	Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді .Музыка әуеніне ілесе отырып, әр ағға тән қимылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жеңіл секіреді, қасқыр музыкасында қашуға талпынды.



	ажыратып, еркін қозғалуға үйрету	
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? – Кімге би билеген ұнады? – Ал кімге ойын ұнады? Бүгінгі күннің өте көңілді болғанын айтып, қоштасып, көңілді шығарып салу	Қорытынды сұрақтарға жауап береді.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: музыка ырғағына сай жұптаса билейді;

Игереді: шығарманы эмоциямен қабылдайды; Меңгереді: әннің көңілді сипатына сай сүйемелдеумен ән айтады

*Әдіскер: Асият Рамағалова 9.*

Өтілетін күні;

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары 15.02.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Электроника әлемі» Аспаптар әлемі

Мақсаты : Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында әнсалға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтармен қуыршақтарды қолдана таныс би қимылдарын орындауға үйрету.

Көрнекіліктер: барабан, бубен, сылдырмақ аспаптары, нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеттері
Мотивациялық қозғаушылық	«Марш» (Е. Брусиловский) әуенімен балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тындап, тізені көтере жүруін қадағалайды.	«Сәлемдесу жаттығуына» қосылады. Марш ырғағын жасап тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену	Барабан аспабын көрсетіп, ойналу әдісімен таныстыру. Балаларға барабан туралы шығарманы тыңдауды ұсынады. Тара-рам, тара-рам, Ойнайды барабан! Музыка тыңдау: «Барабан» (Г. Левкодимов) Шығарманы тындап, ырғағын шапалақпен көрсетуді ұсынады. Әуеннің сипатын, көңіл күйін сезініп ажырата білуге үйрету. Қуыршақтар әдемі Бәрімізде бар енді. Бәрінен де бақшамыз Ойыншықтар әлемі! Ән айту: «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н. Әлімқұлов) әнін орындап береді. Енді екінші рет орындап, балаларға ойыншық, қуыршақтармен мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар мимикалық қимылдар (жымию, қабақ т.б.) жасайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің сипатына сәйкес мәнерлі билеуге үйрету, таныс би қимылдарын өз беттерінше билеуге мүмкіндік беру. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспаптардың (барабан, сылдырмақ, бубен) дауыстарын ажырату.	Балалар әнді тындап, ән туралы өз түсініктерін айтуға тырысады.  Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады.  Балалар жаңа әнмен танысып ән туралы түсініктерін айтуға тырысады. Балалар өздері ұнаған аспаптарды таңдап алып, оркестрде ойнауға дайындалады. Әуенге ілесе әуен үндестігін сезіне көңілді ойнап, аспаптарды меңгереді.

<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	Қандай ән тыңдадыңдар? – Әннің сипаты қандай екен? – Дүкенде қандай аспаптар бар екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салады.	. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды. Балалар көңілді қоштасады.
----------------------------------	--	---

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: таныс би қимылдарын бір-бірден және жұптаса билейді;  
**Игереді:** музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажыратады;**Менгереді:** әнді эмоциямен қабылдап орындайды.

Әдіскер: *Асият Жамалова*

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары Өтілетін күні;  
22.02.2021./27.02.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Мамандықтың бәрі жақсы» (Эй-эй-ата)

**Мақсаты.** Халық әуенін тыңдап, көңілкүйін қабылдау; әнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындауға үйрету; таныс би қимылдарын қайталау. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** тақырыб туралы иллюстрациялар ,карточкалар

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеттері
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Шаттық шеңбері.	«Сәлемдесу жаттығуына»қосылады. Марш ырғағын жасап тырысады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	<p><b>Әңгімелесу.</b> Домбыра туралы, оның түрімен, құрылысымен таныстыру. <b>Жұмбақ:</b> Екі құлақты, Он екі тұяқты, Шешуін тапшы, Күмбірлеген күй, Төгілген сияқты. Домбыра қайда барсам тастамаймын, Ән менен сенсіз өлең бастамаймын. Екі ішек, он бір перне, бір тиекпен, Сайрасам қызыл тілмен аспандаймын. Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманнан бері кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Домбыра әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады. <b>Ән тыңдау.</b> «Сарыарқа». Құрманғазы кім? Қандай күйлерін білесіңдер? Тыңдаған күй қалай аталады? Күй қалай орындалды? <b>Ән айту.</b> «Домбырасаз ән қайда?». Домбыра сазы дегенді қалай түсінесіңдер? Әннің мазмұны не туралы? Әнде «домбырамен жырлаған» деп кімдерді айтып отыр?<b>Әуенді қимыл-қозғалыс.</b>«Домбырамен би».<b>Психологиялық жаттығу:</b> Бұл – мен. Ойын музыкалық лото</p>	<p>омбыра туралы қысқаша әңгіме жүргізеді.</p> <p>Жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Домбыра жайлы Кенен Әзірбаевтың өлеңімен танысады.</p> <p>Домбыра туралы өздерінің білетін мәліметтерімен бөліседі.</p> <p>Әнді зейін қоя тыңдайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p>Әнді ережесі бойынша дауысты қалыпқа келтіре орындайды. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Керекті іс-әрекеттерді жасап, орындайды.</p>

<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	Сонымен, бүгін біз қандай музыка аспабымен таныстық? Халқымыз ол аспапты қалай атайды? Әнде не туралы айтылды? Балаларды мадақтау.	Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды. Балалар көңілді қоштасады.
----------------------------------	---	---

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: ырғақты сезіне, би қимылдарын орындайды;

Игереді: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;

Меңгереді: әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.

Әдіскер: *Аманжол*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Анамның мерекесі»

**Мақсаты :** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау; әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынынөзгерте отырып ырғақты сезіне қимылдауға үйрету. Анасына сүйіспеншілігін арттыру.

**Көрнекіліктер:** аналар мен балалар суреттері, бала санымен гүлдер, нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеттері
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Музыка залында көңілді әуенмен қарсы алады. «Жай және жылдам» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) ән-ойыны қайталады. 1-бөлім педагогтің көрсетуімен әуенге қосыла жай және тез екпінде шапалақтау. 2-бөлімде аяқты жай және тез топылдату.	«Сәлемдесу жаттығуына» қосылады. Марш ырғағын жасап тырысады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Музыка тыңдау: «Ақ мамам» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек) Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатын сезінеді. Анаға деген сүйіспеншілік сезімдері туралы әңгімелеу. Ән айту: «Мерекенмен, анашым» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Таныс әндерді еске түсіру. «Ақ әжем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров) (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская). Гүлдер ұстап шеңбер бойымен тұру, тербелу, бір орында айналу, шеңбердің ортасына жиналу, кейін қарай шегініп, шеңберді үлкейту. Қарапайым би элементтерін қайталау. «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі» А. Майкапар) Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге, шапшаңдыққа үйретуді жалғастыру	Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді, өз шығармашылықтарын көрсетеді. Гүлдермен би қимылдарын нәзік, жеңіл орындайды. Гүлдердің әсемдігін қимылмен жеткізуге тырысады. Жаттығуды көңілді, жайдары орындап, терция ми, ля кварта интервалдарын таза орындағанда әннің сипатын түсініп, оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	– Анамызға арнап қандай ән айтамыз? – Аналарға қандай сыйлық береміз? Аналарға арнап «Анама гүл» атты сурет көрмесін ұйымдастыруды ұсыну. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.	. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды. Балалар көңілді қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: ырғақты сезіне, би қимылдарын орындайды;

Игереді: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;

Меңгереді: әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.

*Әдіскер: Асият Рамағалова 9.*

Өтілетін күні;

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

12.03.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ертегілер елімде Театр әлемі

Мақсаты : Ертегілерді тыңдап ондағысиқырлы дыбыстарды есте сақтауды, музыкалық сүйемелдеумен ре –ля бірінші октавасының диапазонында ән айтуға ,жануарлардың би қимылдарын ұқсатуға үйрету.

Көрнекіліктер: : «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің атрибуттары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеттері
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Балаларды музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді.Жан әжемнің жанында Тіпті рахат секілді.Айтады ұйықтар алдында .Ертегіні не түрлі сендер қандай ертегі білесіңдер?Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіңдер? -Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші.Қандай кейіпкерлер бар?	Балалар музыка әуенімен жүреді,жүгіреді.ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады. Музыка тыңдап әр аңға тән музыканы атайды, жүрісін салады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Бауырсақ ертегісін сахналауды ұсынады. Балалардың қалауы бойынша кейіпкерлерді рольге бөлу. -Баяғыда кемпір мен шал болыпты. Бірде шал кемпірінен бауырсақ пісіріп беруін сұрапты. Күй ойналып атамен әже әрі-бері жүріп ,әженің қамыр илегенін көрсетіп , бауырсақты терезе алдына келтіреді. Музыка әуенімен секіреді,жүгіреді,қашады. Қоян (әндете, белгілі бір әуенге салып) Бауырсақ ,бауырсақ мен сені жеймін.Бауырсақ әнің айтып береді.Музыка жетекшісі: Балалар бауырсақ қояннан қашып кетті ғой. Кәне бәріміз қоянның көңілін көтеріп «Қояндар биін»қосылып билейік. Музыкамен қасқыр шығады.Қасқыр әндете сөзін айтады.Музыка жетекшісі : - Қасқыр ,сен ренжіме балалар сенімен ойын, ойнап көңіліңді көтермек. <b>Ойын</b> «Қасқыр қақпан»Қасқыр түсті қақпанға Жортып келе жатқанда аяғым»деп шыңғырдыаяғымды сындырды. Осы кезде қорбаңдап Аю келеді . Аюдан қашқан бауырсаққа – Аю сен ренжіме,балалармен ойын ойнаймыз. <b>Ойын : «Аю мен қояндар»</b> Түлкі әндете: Мен сұлу түлкімін ,Жай өтпес бір күнім Ішінде жүремінАйғай –шу күлкініңАлдынан бауырсақ кездесіп	Балалар әнді тыңдап ,ән туралы өз түсініктерін айтуға тырысады.Өткен әндерді естеріне түсіріп ,қайталап айтады.Балалар жаңа әнмен танысып ән туралы түсініктерін айтуға тырысады. Балалар өз қалаулары бойынша рөлдерді бөліп алады...Балалар шеңберде жүріп өлеңді айтып,қасқыр ортада аяғын ұстап қимыл жасайды. Аю қорбаңдап әуенімен ән салады, бауырсақты кездестіреді.Аю балалармен ойын ойнайды.Түлкі қутыңдап келеді.Бауырсақ әнің айтады.. Балалар педагогтің орындауындағы шығарманы мұқият тыңдап, әннің мазмұнын түсініп, сипатына сай эмоциямен



	,жемекші болғанда ,Түлкі сен бауырсақты жеме біз саған ән айтып береміз : дейді <b>Ән:</b> «Бауырсақ» (Ә. Бейсеуов, Н. Арынова)	қабылдайды.»
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	Қорытындылау, бағалау	Балалар топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: Балалар ертегіні сомдай, сахналай білуі керек.**Игереді:** әнді бірге бастап, бірге аяқталуына мән береді.**Менгереді:** ертегіні сахналау дағдыларын..

әдіскер: *Асиятжанова А.*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Өнер көзі халықта» (Ақ әжем)

**Мақсаты.** Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** бесік, қуыршақ, тайтұяқ, асатаяқ, нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың әрекеттері
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Балаларды музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді. Үнтаспада күй (педагогтің таңдауымен) ойналып, балалар көңілді кіреді. Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады..	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді. ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады. Музыка тыңдап әр аңға тән музыканы атайды, жүрісін салады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Ортаға «әже» келеді, амандасады. Балалар әженің айналасына дөңгелене отырады. Бесікке салу дәстүрін көрсетуді ұсынады. Әже бесіктің пайдасы туралы әңгімелейді. Қуыршақты бесікке жатқызады, бесікке бөлеуді көрсетеді. Әже: Әлди-әлди, бөпешім, Ақ бесікке бөледім, Ай мен күнге теңедім, Әлди-әлди, жанарым. Мақтанышы ананың. Әлпештеген қарағым, Таза болсын жан арың. (А. Асылбек) Музыка тыңдау: «Әй-әй бөпем» (халық әні, Қ. Шілдебаев) Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді. Балалардан тыныштық сақтауын ескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу. Ән айту: «Ақ әжем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров) Педагог әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталатып, әуенмен қосып үйретеді. Әжелерді сыйлап, құрметтеу қажеттігін түсіндіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру» (А. Тоқсанбаев) Ұлдар аяқтарын музыка ырғағына сай көтере басып, жұптарын биге шақырады. Аяқтарын топылдатады, жұптасып айналады. «Тайтұяқ пен асатаяқ» ойыны (А. Райымқұлова, А. Асылбек) Тайтұяқ пен асатаяқтың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Балалар шеңбер бойымен тұрып,	Балалар әнді тыңдап, ән туралы өз түсініктерін айтуға тырысады. Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады  .Балалар жаңа әнмен танысып ән туралы түсініктерін айтуға тырысады..  Балалар педагогтің орындауындағы шығарманы мұқият тыңдап, әннің мазмұнын түсініп, сипатына сай эмоциямен қабылдайды.»

	бастаушы тағайындалады.	
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	– Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? – Әннің сипаты қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу	Балалар топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: әуенге ілесе жұптаса отырып би қимылдарын орындайды;.

Игереді: музыкалық аспаптарды ажыратады, атайды;.

Меңгереді: музыкалық сүйемелдеусіз ән салады.

*Әдіскер: Аманжол*

Өтілетін күні;

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

29.03.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Нұр төккен, гүл көктем»

**Мақсаты :** Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға, таныс би қимылдарын қайталай білуге үйрету; ойын арқылы музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.

**Көрнекіліктер:** Наурыз мерекесін бейнелейтін суреттер, тайтұяқ пен асатаяқ аспаптары, нота хрестоматиясы.

<b>Оқу қызметінің кезеңдері</b>	<b>Музыка жетекшінің қызметі</b>	<b>Балалардың әрекеттері</b>
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Ұнтаспадан «Хош келдің, төрлет, Наурызым!» (Б. Бейсенова) әні орындалады.	Балалар ересектердің көмегімен екеуден қол ұстасып, шеңбер бойымен жүреді, колшапалақтайды, бір орында тұрып тербеледі, айналады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Ұнтаспада күй ойналып, залға бауырсақ алып әже кіреді. Балалармен амандасып, Наурыз мерекесімен құттықтайды. Наурыз мерекесі туралы сурет немесе слайд көрсетіліп, қысқаша әңгімелейді. Педагог әжеге рақмет айтып, мерекедің ән тыңдауды ұсынады. Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (Ә. Бейсеуов, Н. Арынова) Наурыз келді, балақай, Ән шырқайық, алақай! Ән айту. «Наурыз» (А. Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк) Ән бірінші ересектердің орындауында айтылады. Екінші рет орындап, әннің мәтінін қайталатып, сөздерін анық айтуларын қадағалайды. Одан кейін мағынасы мен әуеніне сай қимылдар көрсетіледі. Балаларға таныс «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) әнін еске түсіріп, қайталауды ұсынады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Би» (Л. Хамиди) – жас ерекшеліктеріне сай ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін көрсетіп, билеуге үйрету.	Үйренген би қимылдарын Балалар педагогтің орындауындағы шығарманы мұқият тыңдап, әннің мазмұнын түсініп, сипатына сай эмоциямен қабылдайды. әуенмен мәнерлеп билейді, өз шығармашылықтарын көрсетеді. Жаттығуды көңілді, жайдары орындап, терция ми, ля кварта интервалдарын таза орындағанда әннің сипатын түсініп, оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	Наурыз – береке, Құтты болсын мереке! Әрқашан, әрқашан Мол болсын дастарқан! Әженің батасын тыңдап, балалар рақмет айтады. Педагог бүгінгі күннің ерекше көңілді болғанын, балалардың өте жақсы би билеп, ән айтқанын атап өтеді. Әжемен қоштасып, шығарып салады.	. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталайды. Балалар көңілді қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындайды;  
Игереді: аспаптардың дыбыстау динамикасын ажыратады; Меңгереді: әнді бірге бастап, бірге аяқталуына мән береді.

Әдіскер: *Асият Жантөре*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары****Білім беру саласы:** Шығармашылық**Бөлімі:** Музыка**Тақырыбы:** «Аялайық гүлдерді»**Мақсаты.** Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру;**Көрнекіліктер:** көктем мезгілі және құстардың суреттері немесе слайд, биге қолданылатын гүлдер, нота хрестоматиясы.

<b>Оқу қызметінің кезеңдері</b>	<b>Музыка жетекшінің қызметі</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, таныс әуен ырғағымен («Марш» Е. Брусиловский) ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Біз адымдап жүреміз! Бір, екі, үш! Серуендеп келеміз! Бір, екі, үш! Балалардың қосылуын сұрайды.	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді. ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Суреттер көрсетіліп, көктем мезгілі туралы әңгімелеу. – Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер! Балалардың назарын алдын ала дайындалған гүлдерге аударады. Көктем қандай тамаша! Алуан гүлдер тұр тұнып, Демалайық отырып, – деп, демалуға отырады. Музыка тыңдау: Ұнтаспадан құстардың дауысын тыңдау. – Балалар, дауысты естіп тұрсыңдар ма? – Құстар қалай дыбыстайды екен? – Қандай құстарды білесіңдер? (Құстардың суретін немесе слайд көрсету). – Құстар қалай ұшады? Ән айту: «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек) «Мерекеңмен анашым» (Б. Қыдырбек, И. Сапарбай) әнін қайталау, еске түсіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Қандай қызық көктемде, Күн шуағын төккенде, Гүл терейік алуан, Шығып алып бөктерге! – деп, гүлдер алуды ұсынады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. «Балалар мен жаңбыр» ойыны («Жаңбыр» Г. Абдрахманова, «Полька» П. Чайковский) «Жаңбыр» жауғанда «тамшылар» таяқшаларын алып, педагог балаларды айнала жеңіл жүгіреді.	Балалар қолшатыр астына жасырынады. Бәрі: Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк! Болсын егін көп-көп! Көңілді полька ойналады. Күннің көзі ашылды, Алтын нұры шашылды! – деп зал ортасында көңілді секіріп, өз еріктерінше билейді. Ойын 2-3 рет қайталанады.
<b>Рефлексиялық</b>	– Құстар қалай әндетеді екен? – Гүлдер	Балалар топтарына тарайды.

<b>түзетушілік:</b>	қандай түсті? – Көктем мезгілі қандай? – Сендерге әдемі көктем гүлдерін сыйлаймын. Алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдер сыйлайды	
---------------------	--	--

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: биге және ойындарға таныс би қимылдарын жасайды;

**Игереді:** музыканы тыңдау дағдысын меңгереді; **Меңгереді:** әнді бірге, хормен орындайды.

әдіскер: *Аманжол*

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

Өтілетін күні;  
12.04.2021/16.04.2021

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: «Ас атасы нан»

**Мақсаты.** Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; әнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындауға үйрету; жұптаса таныс би қимылдарын қайталау; отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** интербелсенді тақтадан нанның қасиеті мен түрлері туралы көрініс көрсету, "Нанның атауы"

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	. Балаларды көңілді музыкамен қарсы алады. Педагогтің таңдауымен таныс марш әуені ойналады. Марш екпінімен аяқтарын нық басып, адымдай жүруді ұсынады.	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді. ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену	. Музыка тыңдау: «Хайлэйлім» (өңдеген Б. Дәлденбай) Халық әуенін тыңдап, шығарманың көңіл күйін эмоциямен қабылдайды. Әуеннің сипатын түсініп, көңілді, қуанышты сезімде болады Атам менің әманда «Мейірімді бол» дейді. Ақыл сөзі санамда, Жасы үлкенге жол берем! Ән айту: «Әй-әй ата» (Ө. Байділдаев, Ж. Смақов) Педагог әнді орындайды. Мәтінін қайталатып, сөздерді анық айтуға үйрету. Үлкендермен қосыла әннің әуенін бірге орындау. Атаның отбасындағы ең үлкен, қадірлі адам екенін түсіндіру. Балаларға таныс «Ақ әжем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров) әнін қайталау, еске түсіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру» (А. Тоқсанбаев) Таныс би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Жұптасып билеп, би ырғағына сай қозғалуға үйрету. «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі» А. Майкапар) Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар	Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, 3 орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Балалар музыкалық жетекшінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақты қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.



	қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге үйрету.	
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	Педагог балалардың бүгінгі білімін бекіту мақсатында: – Балалар, нанның дәмі қандай? Керемет! – Нанның дәмі, Бидайдың дәні! Нанның дәмі, Еңбектің сәні.. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	Балалар топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: жұптаса отырып, таныс би қимылдарын қайталайды  
Игереді:; музыканы тыңдау дағдысын меңгереді;  
Меңгереді: әнді бір қарқында сүйемелдеумен орындайды.

*Әдіскер: Арай Рахметова 9.*

Өтілетін күні;  
19.04.2021

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық **Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» (Әдемі көбелек)

**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға; дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.

**Көрнекіліктер:** себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек, нота хрестоматиясы

<b>Оқу қызметінің кезеңдері</b>	<b>Музыка жетекшінің қызметі</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларға гүлдер алып, би билеуді ұсынады. «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) (қайталау). Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды.	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді. ертегі туралы білгендерін айтуға тырысады.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Педагог сымға қондырылған көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үнтаспада вальс ойналып, көбелек сымын ырғақпен қозғайды. Көктем қандай көрікті, Балақайлар көріпті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты! – деп, көбелекті гүлдерге қондырады. – Балалар, біздің бақшамызға әдемі көбелек ұшып келді. Қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тындайық. Музыка тыңдау: «Вальс» (үнтаспадан муз. жетекшісінің таңдауымен).. Ән айту: «Көктем» (К. Қуатбаев, А. Асылбек). Әнді екінші рет орындағанда мәтініне сәйкес тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды. Әннің бірінші шумағының сөзін үйретіп, анық айтуға үйретеді. «Наурыз» (А. Досмағамбетова, орыс тіліне ауд. В. Франк) (қайталау). – Балалар, көбелектер қалай ұшады? Олардың қанаттары қалай созылады екен? – Ал енді көбелектер сияқты би билеп үйренейік. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көбелек» (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенге ілесе би қимылдарының мәнерлі, жеңіл орындалуын қадағалау. «Гүлзардағы көбелектер» ойыны (музыкасы педагогтің таңдауымен).. «Вальс» ойналып, ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен тоқтағанда көбелектер гүлдерге «қонады».	Балалар музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Әуенді тыңдап, қызығушылықтары артады Балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету. Ойын қайталанғанда, өз еріктерімен ойнауға мүмкіндік береді. Көбелек-ау, көбелек, Ұшасың сен көлбеңдеп. Қызыл, жасыл керемет Гүлге қоншы, көбелек! – деп балаларды ойынға шақырады

<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	– Қандай көбелектер бар екен? Көбелектердің жеңіл вальс әуенімен билегенін, үйренген әннің көңілді сипатта екенін еске түсіреді. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып «ұшып» шығуды ұсынады	Балалар топтарына тарайды.
----------------------------------	--	----------------------------

**Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақпен билейді;  
**Игереді:** музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды; **Менгереді:** музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтады.

*Әдіскер: Аманжол Мамыралиева*

Өтілетін күні;

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

26.04.2021/30.04.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Еңбек бәрін жеңбек»

**Мақсаты:** Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны менкөңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға; әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би қимылдарының қарқынын өзгерте, жұптаса мәнерлі билеуге дағдыландыру.

**Көрнекіліктер:** қуыршақ Айжан, түсті шашақтар-«әшекейлер», нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	«Бөбектер биі» (К. Қуатбаев) жұп биін билеуді ұсынады	Балалар музыка әуенімен жүреді, бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелі қимыл жасайды.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Педагог қуыршақ Айжанды алып ортаға шығады. – Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді. Сендермен бірге ойнап, ән тыңдағысы келеді. Кәне, қуыршақ Айжанға «Бес саусақ» санамағын айтып берейікші. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен! – Қуыршақпен бірге бесік жырын тыңдаңдар, – деп ұсыныс жасайды. Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ж. Тұрсынбаев, Е. Өтетілеуұлы) Сабырлы сипаттағы әнді тыңдап, бесік жыры бөбектерді ұйықтатын кезде айтылатынын түсіндіру. Қуыршақ Айжанды бесік жырының әуенімен ұйықтату. - Балалар, енді Айжанға ән айтып берейік. Ән айту: «Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай, А. Меңжанова) Әнді орындап, әуенін, бірінші шумағын үйрету. «Кәне, қызық ойын бар» – таныс әнді қайталау, бірге қосыла айтуға үйретуді жалғастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Түсті шашақпен би» (А. Жилинский). «Жай және жылдам» ән-ойыны (Е. Хасанғалиев) Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату	Шеңбер бойымен тұрып, түсті шашақтарын көтеріп, тербеле қозғалады.  Аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді. Қолдарындағы шашақтарын арқаларына жасырады. Шеңберді кішірейтіп, әуен ауысқанда үлкейтеді. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұ Ырғақты сезіне би қимылдарын бірге орындайды. сынады. Әнді екінші рет орындағанда балалар шеңбер бойымен тұрып, тәрбиешінің көрсетуімен мәтінге сәйкес қимылдарды жасайды.

	қимылдарын қайталату.	
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	- Қуыршақ Айжанның билегені ұнады ма? - Аяқтарын қалай топылдатады? - Тез-тез қалай қол шапалақтайды екен? Жауаптарына ризашылығын білдіреді. Қуыршақ Айжанмен қоштасып, шығарып салады	Балалар топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;  
Игереді: музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды;  
Меңгереді: әнді бірге бастап, хормен айтады

әдіскер: *Асият Рамағалова 9*

Өтілетін күні;

14.05.2021

Тобы «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Музыка

Тақырыбы: Достық –біздің тірегіміз»Көңілді би)

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдап, еске сақтауға; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындау.

Көрнекіліктер: түсті шашақтар-«әшекейлер», ысқырық, нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балаларды көңілді қарсы алады. Педагог: Әшекейлер әдемі, Бірге тербеледі. Қолымызда жарқырап, Сәнге бөленеді. «Түсті шашақпен би» (А. Жилинский) Педагогтің көрсетуімен би қайталаңады.	Балалар Әшекейлерді дұрыс ұстап, би қимылдарын еске түсіріп, әуен ырғағымен қимыл жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену	Музыка тыңдау: «Илигай» (өңдеген Б. Дәлденбай) Сабырлы әуеннің сипаты мен көңіл күйін сезініп, қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Біз бақытты баламыз, Шырқап әнге саламыз, – деп, ән айтуды ұйымдастыру. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (А. Айтуова) Педагог әнді айтып береді. Әннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Таныс әнді қайталау, еске сақтау. «Қайсы екен?» (Б. Дәлденбай) (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кел, билейік» (Ө. Байділдаев) («Билеп үйренейік» жинағынан). «Пойыз» ән-ойыны (К. Қуатбаев, Ж. Смақов) Пойызға біз барайық, Отырып орын алайық! Ал паровоз бастайды, Ән айтып біз қостайық! Пыш-пыш, пух-пух! Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады. Паровоз-бастаушы тағайындалып, оған ысқырық беріледі. Балалар-«вагондар» әуен ырғағымен аяқтарын топылдата жүреді. Әуен тоқтағанда, паровоз «пшшш!» деген дыбыс беріп,	Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақпен сезіне, музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. Шығарманың 1-бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-бөлімде оң және сол аяқ өкшелерін кезек алға қою қимылдары қайталаңады. Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады. Паровоз-бастаушы тағайындалып, оған ысқырық беріледі. Балалар-«вагондар» әуен ырғағымен аяқтарын топылдата жүреді. Әуен тоқтағанда, паровоз «пшшш!» деген дыбыс беріп,
Рефлексиялық	Қандай ән тыңдадыңдар? – Әннің	Балалар топтарына тарайды.

<b>түзетушілік:</b>	сипаты қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	
---------------------	--	--

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;

Игереді: шығарманың сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салады;

Меңгереді: әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.

Әдіскер: *Аманжол*

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

Өтілетін күні;  
17.05.2021/21.05.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:**Шығармашылық

**Бөлімі:**Музыка

**Тақырыбы:** «Отан қорғаушылар»

**Мақсаты:** Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биді жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру;

**Көрнекіліктер:** Интербелсенді тақта, әскери киім киген қуыршақ қыз, музыкалық құралжабдықтар, дидактикалық ойынға арналған суреттер, дауылпаз бейнеленген таңбалауыштар, шарлар, дауылпаздар.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Балалардың психологиялық көңіл-күйін көтеру мақсатында музыкалық жетекші оқу қызметін бастай бергенде дауылпаздың үні естіледі	
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Педагог: – Балалар, дауылпаздың үні естіледі, мен барып көріп келейін, – деп шығып, қолына әскери киім киген қуыршақ қыз бен дауылпаздарға толған себетті ұстап қайтып кіреді: – Балалар, қараңдаршы, бізге қандай сыйлы қонақ келді? Әскери қуыршақ қыз келді. Бәріміз амандасайық. Сәлеметсіз бе! – Әскери қуыршақ қыз бізді құттықтап келіпті, сондықтан мереке екенін білдіріп, дауылпазбен дабылдатып келіпті. "Бейбітшілік қорғанында бақытты өмір сүріңіздер!" – деп тілек айтып жатыр. Рақмет, қуыршақ! – Тақтаға зер салып қарайықшы, балалар! балалар, қазір бәріміз әр Жеңіс күнін мейрам деп қабылдап, көңілді бір музыка тыңдап көрейікші! "Достарым, кел билейік" әні.. Жарайсыңдар, балалар! Біздің елімізде әр жылдың 7 мамырында Отан қорғаушылар күні атап өтіледі. Сол күні отшашулар жарқырайды. Балалар, қазір бәріміз «Жеңіс күнін тойлаймыз» әнін айтып көрейікші. М. Бекеновтің «Джигитовка» қазақ ұлттық әуені желісіндегі музыкалық-ырғақты шабандоздар қимылдар– Балалар, бұл биді былтыр билегенбіз, бірақ ұмытып қалған қимылдарды естеріңе түсіру үшін	Шеңбер бойымен жүріп, кең адым, жәй адым жасап жүреді, қолдарындағы шарларын оңды-солды сермеп, ырғақты қимылдар жасайды. Бұл қимылдар бірнеше рет қайталанатын. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдірудің дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын сөздерді айта отырып жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды. Балалар әуеніне сай шеңбер бойымен қолдарындағы шарларын жоғары көтеріп, адымдап



	<p>қайталап алайық. Музыкалық жетекші балаларды шеңберге тұрғызып, шерудегідей адымдар жасауға арналған жаттығуларды орындайды. А. Петряшевтің «Шарларымен би»– Балалар, бүгін ойында нағыз жауынгер екендерінді көрсетіндерші! Кім допты дәл, тура лақтырады, сол бала нағыз жауынгер болады. "Дәлдеп лақтыр" ойынында педагог балалардың бәрін алдын-ала дайындалған сызыққа тұрғызып, сызықтан шықпай, педагогтің белгісі бойынша допты белгіленген жерге лақтыру керектігін айтады. Педагог балалардың допты ұстау және лақтыру техникасына қарап, ойынды басқарып отырады.</p>	<p>жүреді, орындарында тұрып, тізелерін жоғары көтеріп, адымдар жасайды, аяқтарын топылдатады, орындарында тұрып, аяқтың ұшымен және өкшесімен қимылдар жасайды.</p>
<p><b>Рефлексиялық түзетушілік:</b></p>	<p>. – Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? «Достарым, кел билейік» әнін. – Қандай ән айтуды үйрендік? – "Жеңіс күнін тойлаймыз" әнін. – Балалар, жақында қандай мереке келе жатыр? Отан қорғаушылар күні екен, жарайсыңдар, балалар! – Тағы қандай мереке келе жатыр? – Ұлы Жеңіс күні. – Керемет, балалар! – Балалар, біздің құрметті қонағымыз әскери қуыршақ қыз да кетуге дайындалуда. Сау болыңыз айтып, шығарып салайық, балалар! – Сау болыңыз, әскери қуыршақ қыз! Мерекеңіз құтты болсын!</p>	<p>Балалар топтарына тарайды.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;

**Игереді:** Балалардың дауылпаздар дауысын музыка әуеніне сәйкес үйлесімді шығаруына жаттықтырады. **Менгереді:** әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.

*Әдіскер: Асият Рамағалова*

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

Өтілетін күні;  
24.05.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Мен жасай аламын»

**Мақсаты:** Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып, хормен бірге қосыла ән айтуға, жұптаса отырып, биқимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру

**Көрнекіліктер:** түсті шашақтар-«әшекейлер», , ақ сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті. Ысқырық, нота хрестоматиясы.

Оқу қызметінің кезеңдері	Музыка жетекшінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	Балаларды көңілді қарсы алады.. «Түсті шашақпен би» (А. Жилинский) Педагогтің көрсетуімен би қайталанады. Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін , музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау. Бір шаңырақта табысқан Дос бауыр көп, туысқан. Отан – ортақ уйіміз Көңілді ән мен куйіміз . Е. Өтетілеуұлы	Балалар Әшекейлерді дұрыс ұстап, би қимылдарын еске түсіріп, әуен ырғағымен қимыл жасайды.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттың балалары бар : қазақ, орыс, ұйғыр Музыка тыңдау: «Біз өмірдің гүліміз» А. Асылбеков Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. Біз бақытты баламыз, Шырқап әнге саламыз, – деп, ән айтуды ұйымдастыру. Ән айту: «Көңілді балалар әні!» Педагог әнді айтып береді. Әннің басталуы мен аяқталуына мән беру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Ойын : «Балапан » «Шарларымен би» . ойын: "Дәлдеп лақтыр"	Балалар куйді әуендерді тыңдап әсерленді . Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерін жеткізеді Балалардың жұптасып тұруларын, би қимылдарын ырғақпен сезіне, музыканың сипатын игере мәнерлі орындауға үйрету. Шығарманың 1- бөлімінде қол ұстасып айналу, 2-бөлімде оң және сол аяқ өкшелерін кезек алға қою қимылдары қайталанады. Балалар вагондар құрып, тізбектеле тұрады.
<b>Рефлексиялық түзетушілік:</b>	Қандай ән тыңдадыңдар? – Әннің сипаты қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	Балалар топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:** Біледі: жұптаса ауыса отырып би қимылдарын орындайды;

Игереді: достық деген түсініктерді.;

Меңгереді: әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні;

Тобы: «Әсел», «Бәйшешек» ортаңғы топтары

28.05.2021

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Бөлімі:** Музыка.

**Тақырыбы:** «Көңілді жаз»

**Мақсаты:** Балаларды көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білу қабілетін дамыту; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; жайдары жаз туралы түсінік беру.

**Көрнекіліктер:** Интербелсенді тақта, музыкалық құрал-жабдықтар, дидактикалық ойынға арналған суреттер, жаз кереметтері бейнеленген таңбалауыштар, сылдырмақтар. нота хрестоматиясы.

<b>Оқу қызметінің кезеңдері</b>	<b>Музыка жетекшінің қызметі</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Мотивациялық қозғаушылық</b>	музыкалық жетекші: – Балалар, жаз келді, сендер жазда қайда барасыздар? Иә, балалар, ата-аналарыңмен ауылға, шетелге, сауықтыру орындарына барасыздар. Суға шомылып, күнге қыздырынасыздар. Жаз қызығы өте көп екен, балалар. Жарайсыздар, балалар, қала ішінде қыдырасыздар. Балалар, жаз айы кең ай, берекелі ай деп бекер айтылмаған. Кәне, балалар, бәріміз "Жайдары жаз келді, қаңқылдап қаз келді!" деп айтайықшы! Дұрыс айтасыздар, балалар! Қазір бәріміз "Ойыншықтар" әнін тыңдап көрейікші! – Бәріміз екі қолымызды тіземіздің үстіне қойып, әннің әуенімен тербелейікші!	. Балалар марш екпінімен музыка залына кіреді де орындарына отырады.  Музыка жетекшісінің қойған сұрақтарына толық жауап береді .Суреттерге қарап бейнелерді толық суреттеп береді.
<b>Ұйымдастырушылық ізденістік Іздену</b>	. Музыкалық жетекші: – Балалар, тыңдайықшы, бір ән естіледі! Балалар елеңдеп отырғанда педагог интербелсенді тақтаны қосып, ойыншықтар бийн көрсетеді. – Ойыншықтар қандай керемет билеп жатыр, қараңдаршы, балалар! Қандай ойыншықтарды көріп отырсыздар, балалар? Қуыршақ, қоян, қонжық, түлкі, тиін, піл, машина, доп. Бәрі қосылып билеп жатыр. Енді, әнді тыңдаймыз және айтуды үйренеміз. Кәне, балалар, бәріміз ыңғайланып отырамыз. Менімен бірге қайталаймыз: – Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Әмір беріп, бұйырсақ. Педагог: – Балалар, бәріміз ортаға шығып, "Тұлпарым" әуенімен ырғалып, би қимылдарын жасаймыз. Кәне, балалар, біріміздің артымыздан біріміз тұрып, бәріміз қайталаймыз. Денемізді бос ұстап, қол білезіктерімізді айналдырып, менімен бірге	Дауыс жаттығуын музыка жетекшісінің көмегімен айтады. Әнді тыңдау кезінде қолдарын тізелеріне қойып әнді мұқият тыңдайды.  Әннің мазмұнын толық айтады Жаңа ән үйрену кезінде әннің музыкасын мұқият тыңдайды,сөзін анық айтады.  Әннің мазмұнын түсініп өз нақышында орындау Ойынның шартын тыңдап,ойын ойнайды

	<p>қимылдарға қосыламыз. Музыкалық жетекші балалардың сылдырмақтарда ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру үшін "Сылдырмақтар" оркестрінде бірін-бірі тыңдай отырып, шығарманы сылдырмақтармен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйретеді. Балалардың сылдырмақтар дауысын музыка әуеніне сәйкес үйлесімді шығаруына жаттықтырады. Сылдырмақтарды дұрыс ұстап, ырғақты қозғау тәсілдеріне үйретеді. Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін "Жазда қандай қызықтар болады?" дидактикалық ойынын өткізеді. Балалар суреттердің ішінен жазға лайықты суреттерді (суға шомылу, қыздырыну, саябаққа бару, шана тебу, велосипед тебу, қар лақтыру, аққала жасау) тауып берулері керек. Суреттерді дұрыс тауып берген балалар жаз кереметтері бейнеленген таңбалауыштарға ие болады.</p>	
<p><b>Рефлексиялық түзетушілік:</b></p>	<p>– Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? – «Ойыншықтар» әнін. – Қандай ән айтуды үйрендік? – «Бесік жыры» әнін. – Бұл әнде қандай ойыншықтар туралы айтылады? – Қуыршақ, бұзау, қозы, құлыншақ.</p>	<p>Музыка жетекшісінің қойған қорытынды сұрақтарға толық жауап беру. сүйемелдеуімен саппен шығу</p>

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: музыканы тыңдауға, көңілді – көңілсіз сипаттарын ажыратуды.;

Игереді: кейіпкер даусын салып ойнауды.;

Меңгереді: музыкалық шығармаға би ырғақтарын келтіре билеуді.

*Әдіскер: Аманжол Аманжолқызы*